**Коммунизм туы 1956 г.**

1. Отцовская забота о детях, 1 июня



БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ЖҰМА, 1 июнь 1956 жыл.

Шыға бастағанына XVIII жыл. Бағасы 20 тиын.

СССР Жоғарғы Советі П...



# Балаларға аталық қамқорлық

Коммунистік партия мен Совет үкіметі халықтың мүддесін бәрінен де жоғары қояды, жас буынның бақытты өмір сүруіне үнемі қамқорлық жасайды. Біздің елімізде балалардың бақытты болып өсуі қамтамасыз етілген, олардың келешегіне кең жол ашық. Жас буынды бүкілхалықтық сүйіспеншілікпен бөлеген, әйел-аналарға ерекше құрмет көрсетіледі.

Шығыс Қазақстанда 221 әйел-анаға «Ардақты ана» атағы берілді. Ал 30 мыңнан астам ана «Ана даңқы» орденімен және «Ана медалі» медалімен наградталды. Мемлекет аналарға материалдық көмек көрсетіп, ақшалай жәрдем беріп отырады. Біздің облыс бойынша өткен жылы көп балалы аналарға 24 миллион сом жәрдем берілді. Әйел-аналарға жүкті болған кезінде мемлекет тарапынан көп жеңілдіктер жасалады.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша жүкті әйелдерге еңбекақысы сақталып, 112 күн демалыс беріледі. Аналар, бүкіл еліміздің еңбекшілері сияқты жексенбі және мереке алдындағы күндерде қысқартылған жұмыс уақытымен пайдаланады.

Совет елінде балалар мекемелерінің жүйесі жыл сайын көбейтілуде. Біздің облыста соғыс жылдарындағымен салыстырғанда балалар мекемелерінің жүйесі бес есе өсті. Бұл уақытқа дейін бюджеттік және ведомстволық 118 балалар мекемесі жұмыс істеп, оларда 3300-ден астам балалар қамтылды. Өткен жылы типтік жобамен 9 балалар бақшасы салынды. Ал биылғы жылы жаңадан 14 объект салынады. Облыстың колхоздары мен совхоздарында 400-ге таяу балалар мекемелері ашылады, оларда 13 мың жасөспірім қамтылады. Биылғы жылдың 15 майына дейін 93 балалар мекемесі жұмыс істеп, оларда 2300 жасөспірім қамтылды.

Біздің елімізде халық ағарту жұмысына ерекше маңыз беріледі. Ғылым мен мәдениет онан әрі өркендеуде. Қалалар мен селолық жерлерде жаппай оңжылдық білім алу жүзеге асырылуда. Облыста халық ағарту ісін өркендетуге 97 миллион 560 мың сом қаржы жұмсалады. Мектептерде политехникалық оқу кең өрістетіліп, жастарды өндірістік мамандыққа тәрбиелеу міндеті табыспен жүзеге асырылып келеді.

Мектептер жанында қоғамдық және бюджеттік интернаттар көбейтілуде. Қазір облыста екі пансион және 11 бюджеттік интернат, бұған қоса 45 қоғамдық интернат жұмыс істейді. Бұл жастардың жаппай білім алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беруде.

Облыстың қалалары мен селоларында 412 бастауыш мектеп, 207 жетіжылдық және 86 орта мектеп жұмыс істейді. Оларда 97682 оқушы білім алуда. Мектептерде оқу мастерскойлары ұйымдастырылып, оқушыларды еңбекке тәрбиелеу жұмысы жақсаруда. Балалар партияға, Отанға, халыққа берілгендік рухында және интернационализм рухында, басқа халықтармен достық рухында тәрбиеленеді.

Біздің елімізде балаларға арналған арнаулы мәдени-ағарту мекемелерінің кең жүйесі жұмыс істейді. Олар пионерлер сарайлары мен үйлері, жас натуралистер мен техниктер станциялары, музыкалық мектептер, балалар кітапханалары, кинотеатрлар мен парктер болып табылады.

Совет елінің балалары жыл сайын жазғы демалыстарын пионерлер лагерьлерінде, балалар санаторийлерінде өткізеді, саяхат жасайды, жорыққа шығады. Облыста биыл 38 пионер лагері ұйымдастырылып, оларда 16 мыңға жуық бала демалады. Самар ауданында колхозшылардың балалары демалатын пионер лагері жұмыс істемекші. Сол сияқты балаларды емдеу мекемелерінің жүйесі ұлғайтылуда.

Балаларды қорғаудың халықаралық күнін совет адамдары КПСС XX съезінің тарихи қарарлары алтыншы бесжылдықтың тапсырмаларын орындауға жігерлендіріп отырған жағдайда атап өтуде. Совет үкіметі бейбітшілікті жақтайтын сыртқы саясатты дәйектілікпен жүргізіп келеді. Совет Одағының халықаралық шиеленісті бәсеңдету жөнінде қолданған шараларын жұрттың бәріне мәлім.

Совет үкіметінің қарулы күштерді қысқарту, атом және сутегі қаруларын қолдануға тыйым салу мәселесі жөніндегі ұсыныстары, халықаралық шиеленісті келіссөздер жүргізу арқылы бәсеңдетудегі игілікті шаралары, қарулы күштерді қысқарту жөніндегі жаңа қарар — мұның бәрі біздің еліміз тарапынан болып отырған бейбітшілік жолындағы белсенді күресті сипаттайды.

Совет Одағының сыртқы саясаты еліміздің халқының жүрегін қуанышқа толтыруда. Өйткені тек бейбітшілік уақытта ғана балалардың бақытты болуын, қызықты өмір сүруін қамтамасыз етуге болады. Балаларды қорғаудың халықаралық күні — 1 июньде совет адамдары өздерінің бейбітшілік сүйгіш еркін тағыда демонстрациялайды.

Біздің елдің халқы бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік үшін күресушілердің алдыңғы сапында келе жатқандығын мақтан етеді. Балаларға зор қамқорлық жасайтындығын, оларды халықтармен достық рухында, ленинизм идеяларына берілгендік рухында тәрбиелейтіндігін білдіреді.

Ф. АЗИМУРАТОВА.

ҚКП обкомінің әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі.

2. За мир и детское счастье, 1 июня

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

№ 107 (3441). ЖҰМА, 1 июнь 1956 жыл.

Шыға бастағанына XVIII жыл.
Бағасы 20 тыйын.

# Бейбітшілік үшін, балалардың бақыты үшін!

Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясының инициативасы бойынша белгіленген балаларды қорғаудың халықаралық күнін бүкіл дүние жүзінің прогресшіл жұртшылығы бүгін жетінші рет атап өтеді. Бұл күн жыл сайын барлық елдерде бейбітшілік жолында, жаңа соғыс әзірлігіне қарсы, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жолында, оларды демократиялық тәрбиелеу жолында күрес ұранымен атап өтілуде.

Балаға деген сүйіспеншілік — адамның ең тамаша және ізгі сезімдерінің бірі. Бірақ балалар капиталистік дүние жайындағы қандай ауыртпалықтарды басынан кешіріп отыр десеңізші! Адамзаттың аса бағалы қазынасы — ондаған миллион балалар бүгінгі таңда капиталистік елдерде және отар елдерде ашаршылықтың, түңғыйық караңғылықтың, үрейленушіліктің және өлімнің құрбандары болып келеді. Онда миллиондаған бала оқымайды, олардың баспанасы жоқ, тойына тамақтана алмайды, өздерінің барлық күшін фабрикалар мен заводтарда, фермаларда—капиталист үшін балалардың арзан еңбегін пайдалану тиімді болатын жердің бәрінде де тыйтығына жетіп жұмсайды.

Америка Құрама Штаттарының миллиондаған жас азаматтары панасыз қаңғуда, олардың көпшілігі мектепте оқый алмайды, бұған себеп мектептердің жетіспейтіні ғана емес, сонымен қатар өзін немесе жұмыссыз әке-шешесін асырау үшін бір тілім нан сатып алуға қажет болатын жалақы табу керек. Жүгенсіз кеткен капиталистік насихаттың ықпалымен балалардың қылмыс жасауы үнемі көбеюде. Америка Құрама Штаттарында 18 жасқа дейінгі 2 миллиондай жасөспірім әртүрлі қылмыс жасағаны үшін жыл сайын полицияға әкелінеді.

Италияның көптеген балалары аштықта және қайыршылықта өмір сүреді. Италияның конституциясында балалар еңбегін пайдалануға тыйым салатын статья бар екендігіне қарамастан, осы елдегі бір миллионнан аса мектеп жасындағы балалар жұмыс істеуге мәжбүр болуда. Испаниядағы, Грециядағы, Түркиядағы және басқа бірсыпыра елдердегі, әсіресе азиялық және африкалық елдердегі балалардың тұрмысы өте ауыр жағдайда. Балаларды қорғау жөніндегі Халықаралық конференцияға қатысқан Суданнан келген делегат әйел Суданда миллиондаған адамның баспанасы жоқ екенін айтты. Бұл елде 10 миллион адамға әйелдер босанатын бірде-бір үй жоқ. Медициналық көмекпен халықтың бір проценті ғана пайдалана алады. Бес жастағы балалар да жұмыс істеуге мәжбүр болуда. Балалардың 98 проценті мектепте оқымайды.

Біздің заманда медицина аса ұлы жаңалықтар ашып, зор табыстарға жетіп отыр. Нақ осындай уақытта капиталистік елдердегі балалар өлімі бұдан бұрынғы кай кездегіден болса да жантүршігерлік дәрежеде көп болып отыр. Ресми статистикалық мәліметтерден алынған цифрлар Америка Құрама Штаттарында жыл сайын жүз мың бала өлетінін көрсетеді. Ирандағы балалардың 85 проценті 15 жасқа толмай өледі. Түркияда балалар өлімі 50 процентке жетіп отыр. Африкадағы отар елдерде балалар жаппай қырғынға ұшырауда.

Білім алу проблемасы капиталистік дүниедегі миллиондаған балалар үшін шешілмейтін проблемаға айналды.

1952 жылғы апрельде әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясының инициативасы бойынша Венада балаларды қорғаудың Халықаралық конференциясы шақырылған болатын. Бұған қатысқан әр халықтардың аса көрнекті қайраткерлері жалынды сөздерінде дүние жүзінің көптеген елдеріндегі еңбекшілер балаларының ауыр жағдайын айқын суреттеп берді. Конференция дүние жүзінің еркектері мен әйелдеріне мынадай жалынды үндеу жазды:

«Бүкіл дүние жүзінің балаларын асырау үшін жердің байлығы жеткілікті. Ғылым мен техника барлық балалардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ете алады. Дүниежүзілік соңғы соғыс кезінде мыңтап зардап шеккеніне қарамастан балалар қамсыз өмір сүріп, болашағына сеніммен қарап, өсіп келе жатқан елдер бар.

Игі ниетті еркектер мен әйелдер! Бүкіл дүние жүзі балаларының өмір сүруіне, денінің сау болуына, ой санасы және моральдық жетілуіне праволы болуын қамтамасыз ету үшін өзіміздің барлық күшімізді жұмсайық, өзіміздің барлық күш-жігерімізді біріктірейік».

Венадағы конференция бүкіл дүние жүзінің жұртшылық пікіріне қозғау салып, балалықты қорғау проблемаларына көңіл бөлуді күшейтті.

Әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясы 1954 жылы жаңа инициатива бастады. Ол соғысқа қарсы, балаларды қорғау, қарусыздандыру және халықтар арасындағы достық жолында аналардың Бүкілдүниежүзілік конгресін шақыруды ұсынды.

Өткен жылғы июльдің 7-нен 10-на дейін Лозаннада (Швейцарияда) болып өткен аналардың конгресіне 66 елдегі аналардан өкіл болып келген 1.060 делегат жыйналды. Барлық аналардың күш-жігер біріктіріп, бейбітшілікті қорғауға, балалардың өмірін сақтауға, олардың бақытты болашағын қамтамасыз етуге деген ынтасын көрсеткен мұндай кең халықаралық кездесуді бұған дейін тарих білген емес.

Конгресс қабылдаған манифесте былай делінген:

«Осы конгресте біз соғыс жылдарында бастан кешірілген қасірет туралы тағыда естідік. Дүниежүзілік екінші соғыс душар еткен аналардың көз жасын, балалар-

дың қасіретін біз ешуақытта да ұмыта алмаймыз.

... Біз қазір соғыстың сөзсіз болатыны шарт еместігін, оны болдырмауға және бейбітшілікке жетуге болатындығын білеміз. Әйелдер адамзаттың тең жарымы. Біз балалардың алдындағы, халықтардың алдындағы өзіміздің жауапкершілігімізді сезуге тиіспіз.

...Өзіміздің еркімізді сөз жүзінде ғана білдіру жеткіліксіз. Көздеген мақсатқа қол жеткенге дейін қимыл жасайтын болайық...»

Аналардың Бүкілдүниежүзілік конгресінде аналардың балаларды соғыс хаупінен қорғайтын комитеті құрылды. Оның міндеті — бүкіл жер шарының аналарын белсенді күреске жұмылдыру. Тұрақты комитет барлық елдердегі аналардың еркін білдіре отырып, қарусыздандыруды, атом қаруын өндіруге және қолдануға тыйым салуды және одан босаған қаржыны балалардың қажетіне жұмсауды, барлық даулы мәселелерді бейбіт жолмен ғана шешуді талап етуде.

Жер шарының қарапайым адамдары өз балаларының болашағын атомшылардың озбырлығына бергісі келмейді. Капиталистік елдерде соғыс өлікпесіне және қоқанлоқы жасауға қарсы қозғалыс күн санап ұлғайып, өріс алуда. Балалардың өмірі мен бақыты жолындағы күрес оқшау бір нәрсе емес екенін, оның бейбітшілік жолындағы жалпыхалықтық күрестің бір бөлегі екенін бүкіл дүние жүзінің аналары барған сайын айқын түсіне бастауда.

СССР-дің әйелдері бейбітшілік жолындағы күрескерлердің алдыңғы қатарында келеді. Олар Совет үкіметінің бейбітшіл саясатын қызу қолдауда және оның халықаралық шиеленісті бәсеңдету жөнінде жасап отырған нақты қадамдарын бірауыздан мақұлдауда. Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің және әйелдердің халықаралық демократиялық федерациясының барлық шараларына белсене қатыса отырып, совет әйелдері, атом соғысының қатеріне қарсы Вена үндеуіне бір кісідей болып қолдарын қойды. Олар Хиросима мен Нагасаки трагедиясының ешуақытта да қайталанбауы үшін атом қаруына қарсы күресті күшейтуге шақырған Жапон әйелдерінің дүние жүзіндегі барлық әйелдерге арнаған Үндеуіне қызу ун қосты.

Аналардың Бүкілдүниежүзілік конгресін әзірлеу және өткізу жолындағы күшін жігерге совет әйелдері өздерінің үлесін қосты. Бұған советтік аналардан өкіл болып 17 делегат қатысты. Олар совет елінің барлық аналары атынан сөйледі.

Совет Одағындағы балалардың жарқын өмірі және балалар проблемасын шешуде халықтық демократия елдерінің қол жеткен тамаша табыстары бейбітшілік жолындағы, балалардың бақыты жолындағы игілікті күресте рухтандырғыш өнеге болып отыр. Еліміздің және бүкіл дүние жүзінің халықтары партияның XX съезінің шешімдерін зор алғыс айтқан сезіммен қарсы алды, бұл шешімдердің барлығы да партия қызметінің жоғарғы заңы—адам туралы қамқорлыққа бөленген. КПСС XX съезі өзінің жұмысын аяқтағаннан бері үш ай ғана өтті, ал оның шешімдері бірінен соң бірі жүзеге асырылып жатқанын совет халқы қазірдің өзінде өз көзімен көріп отыр.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті балаларға орасан зор қамқорлық жасауда. Олардың оқуына және демалуына, денсаулығы және мәдениеттілігі жағынан жақсы жетіліп өсуіне барлық мүмкіншілік туғызылған. Біздің елімізде мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиелейтін мекемелердің—миллиондаған балаларды тәрбиелеп отырған балалар бақшалары мен балалар яслилерінің тамаша системасы құрылды.

Қазіргі кезде Қазақстанның өзінде ғана 1.425 балалар бақшасы мен балалар яслиі бар. Быйыл республикада мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиелейтін мекемелердің құрылысына мемлекет 56 миллион сомнан аса қаржы бөлді.

Бізде ана қадір тұтылып, құрметке бөленген. Мемлекет алдында сіңірген аса көрнекті еңбектері үшін берілетін награда сияқты көп балалы аналарға да үкімет наградалары беріледі. Біздің республикамыздың өзінде көп балалы 1.900-дей ана «Ардақты ана» деген құрметті атаққа ие болды, 237.035 ана «Ана даңқы» орденімен және «Ана медалімен» наградталды. Өткен бір жылдың ішінде ғана көп балалы және жеке басты аналарға республикамызда 279.691 мың сом мемлекеттік жәрдем берілді.

Совет мемлекеті балалардың денсаулығын сақтауға, олардың демалысын ұйымдастыруға орасан зор көңіл бөледі. Көптеген арнаулы санаторийлер, пионер лагерьлері осы мақсатқа қызмет етеді. Мәселен, быйылғы жылы біздің республикамызда 200 мыңнан аса бала сауықтыру шараларымен қамтылады.

Халықтық демократия елдерінде де балаларға, олардың денсаулығы мен мәдениет жағынан жетіліп өсуіне орасан зор қамқорлық жасалып келеді.

Бейбітшілік, демократия және социализм лагеріндегі балалар—өмірдің гүлі, халық оларды мәпелеп және қадірлеп өсіруде.

Балаларды қорғаудың халықаралық күнін бейбітшіл халықтар бейбітшілік жолындағы, адамзаттың болашағы—балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жолындағы күресті күшейтумен атап өтуде.

Совет мемлекетінің халықтардың түбірлі мүдделеріне сай келетін дәйекті бейбітшіл саясаты жер шарындағы адал ниетті барлық адамдардың жүрегін бейбітшіліктің салтанат құратынына деген сеніммен бөлеп отыр. Совет Одағының және халықтық демократия елдерінің өнегесінен бүкіл дүние жүзінің аналары аналық пен балалықтың шын мәнінде қуанышты және бақытты бола алатындығын өз көзімен көріп отыр. Бүкіл дүние жүзіндегі барлық балалар да совет балалары сияқты өмір сүре алады және осылай өмір сүруге тиісті.

Бейбітшілік пен достықтың идеяларымен топтасқан барлық елдердің әйелдері халықаралық хауіпсіздікті, өздерінің ерлерін, ұлдарын және балаларының бақытын барлық күш-жігерімен қорғап қалуға бел байлаған.

**М. БЕЙСЕНОВА**

**Қазақстан КП Орталық Комитеті әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі.**

3. Радость матери.
В детском доме, 1 июня



БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ЖҰМА, 1 июнь 1956 жыл.

Шыға бастағанына XVIII жыл.
Бағасы 20 тыйын.



## АНА ҚУАНЫШЫ

Көп балалы аналардың бірі — менмін. Біздің елімізде ана мен бала зор қамқорлыққа бөленген. Муны мен өз өмірімнен күнделікті көріп, сезіп отырмын.

Қазір менің 7 балам бар. Төртінші баладан бастап мемлекеттен біржолғы және ай сайын жәрдем алып келемін. Бұл менің балаларымның бақытты болып өсуіне, бүкіл семьямыздың ауқатты, жақсы тұрмыс құруына мүмкіндік туғызуда. Ана мен балаға деген мұндай аталық қамқорлық көрсету тек біздің елімізге ғана тән. Бұл Коммунистік партия мен Совет үкіметінің барлық қызметі совет адамдарының мүддесі үшін қызмет етуден артық мүддесі жоқ екендігін көрсетеді. Ал капиталистік елдерде мұндай қамқорлық пен сыйлықты аналардың ойына кіріп те шықпайды.

Менің балаларымның алды өздігінен еңбек етуге жарады. Үлкен ұлым Карел өткен жылы 7 класты бітірген соң кәсіпорындарының бірінде еңбек етуге тілек білдірді. Ол қазір «Деревообделочник» кәсіпшілік артелінде столярдың көмекшісі болып істейді. Жақында өздігінен еңбек етуге шығады. Бұдан кейінгі екі ұлым —Маркен төртінші класты, Жекен үшінші класты быйыл бітірді. Қызым Бантикамал үстіміздегі жылы мектеп табалдырығын тұңғыш рет аттайды.

Жеті баланың анасы өзімді бақытты санаймын. Менің міндетім — балаларымды Отанға, Коммунистік партияға шексіз берілгендік рухта, кездескен кемшіліктерді жеңуге әзір тұру рухында тәрбиелеу.

Біздің елімізде ана ардақты, бала бақытты. Осындай бақытты тұрмысқа жеткізген Коммунистік партияға шын жүректен алғыс айтамын.

Қали АХМАДИЕВА.

**Бірінші, екінші дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталған ана.**

## Бөбектер үйінде

Құрылыс алаңындағы Гастелло көшесінің бойындағы бөбектер үйі 1954 жылдан жұмыс істейді. Мұнда көптеген бөбектер тәрбиеленіп өсті. Қазір бөбектер үйінде 44 бала бар. Оларға деген не керектің бәрі де жеткілікті. Олардың қажетіне жыл сайын мемлекет тарапынан көп қаржы бөлініп отырады. Тек быйылғы жылдың өзінде ғана бөбектерге киім-кешек алу үшін 20 мың сомнан астам қаржы бөлінді. Ал тамақтануға берілген қаржы өткен жылға қарағанда 20 процент артты.

Бөбектер үйінің коллективі өз міндетіне жауапты қарайды. Әсіресе Надежда Ионина, Өскеменнің медициналық училищесін бітірген Галина Мезинцова жолдастар көп еңбек сіңіріп келеді. Олар бөбектерді уақтылы тамақтандырады, киімдерін ауыстырады. Мұнда ойыншықтардың неше түрлісі бар.

Әрі тәрбиеші, әрі медсестра Анна Мамкова бөбектердің сүйікті досы болып алды. Ол екі—үш жастағы балаларды тәрбиелейді. Біз ересектер бөлмесіне кіргенімізде үш жасқа таяп қалған Женя Бураков, Паша Шуканов, Маша Балакина және басқа бөбектер қуанып, кішкентай қолдарын ұсынып сәлемдесті.

Бүгін балаларды қорғаудың халықаралық күнін атап өте отырып, бұл бөбектер үйінің коллективі өздерінің күш-мүмкіншілігін, білімін жас бөбектердің коммунизмнің болашақ құрылысшылары болып [illegible] не жұмсай береді.

Ә. МӘЛҒАЖИН.

4. Колыбельная, 1 июня

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ӨСКЕМЕН ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ.

ЖҰМА, 1 июнь 1956 жыл.

Шыға бастағанына XVIII жыл.
Бағасы 20 тыйын.

ССР Жоғарғы Советі П...

★

*ЖАМБЫЛ*

## Бөбек жыры

(Үзінді)

Балалық, жастық шағымды,
Өсірді елің дарынды.
Елiмменен бір көрдім
Жарқыраған бағымды;
Бақ жұлдызы жайнатты
Жас бөбегім, жанымды,
Өмірің кең шалқыған,
Жолың ашық алдаған,
Сен үшін бақша бұлбұлы
Сұлу әнін сайраған.
Сайдың сұлу гүлдері
Сенің үшін жайқаған,
Аққан күміс арнадан.

Көзің жарық жұлдыздан,
Шашың жібек құндыздан,
Сен бір артық көркемсің
Биік асқар шың-құздан.
Қара көз сәби бөбегім,
Аса берсін өнерің,
Батыр болып өсе бер
Жанарыңды жандырған.

Бала күнде өзіміз
Сендей болып өспедік,
Сұм өмірдің бұрынғы
Не бір уын кешпедік?
Май айында ұраның
Салып, қолда флагың
Шыққаныңда көшеге
Қуанғаннан көзіме
Жастар келіп, егіле
Түсіп кетед менің де
Балалық шағым есіме.
Жігіт болып өс жылдам!
Өмірге жассың сен керек,
Пионер және комсомол
Боласың өсіп жас бөбек.
Комсомолдан өскен соң
Боласың жігіт—большевик.

Ұйықта бөбек, жас қазақ!
Бесігің балқып толған нұр,
Көзіңді жұм, деміңді ал,
Күзетте қызыләскер тұр.
Туған елдің туында
Кәріге, жас буынға
Бақыт нұры жанып тұр.

5. В Усть-Каменогорске открыт парк, 1 июня



БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# КОММУНИЗМ ТУЫ

ҚКП Шығыс Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттары облыстық советінің және ҚКП Өскемен қалалық комитетінің газеті.

№ 107 (3441). ЖҰМА, 1 июнь 1956 жыл.

Шыға бастағанына XVIII жыл. Бағасы 20 тиын.

